

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№1 (29) қаңтар-наурыз 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернеиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжетхан Ісәмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алымбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

XIX ғ. 60-70 жж. ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗГЕН ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ КӨПЭТНОСТЫ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Л.С. Динашева[✉], Г.Ж. Примкулова[✉], М.О. Аксой[✉]

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан.

* Автор-корреспондент

E-mail: Lazat.Dinasheva@ayu.edu.kz (Динашева), gaukar.primkulova@ayu.edu.kz (Примкулова), m_oguzhan_aksoy@hotmail.com (Аксой)

Андатпа. Мақалада XIX ғасырдың соңында Оңтүстік Қазақстан өңірінде мекендеген этностардың орналасуы мен полиэтникалық құрамының қалыптасуына ықпал етуші факторлар қарастырылады. Сол кезде патша үкіметінің жүргізген көші-қон саясатының маңызын және оның халық құрамына әсерін, миграциялық процесті реттеуге бағытталған билік органдарының әдіс-тәсілдерін анықтау көзделеді. Сонымен қатар, патша үкіметінің көші-қон саясатындағы жаңа бағыттары мен оның заңнамалық негіздері зерделенеді. Оңтүстік Қазақстан өңірі суармалы егіншілік арқылы диқаншылығы ежелден қалыптасқан аймақ болып саналады. Онымен бірге, қалалық өмір салтының тарихи даму шарттары да әлеуметтік қатынастарға әсерін тигізді. Ресей империясының әкімшілік билігінің орнауы, мұндағы еңбек бөлінісінің арақатынасына терең өзгеріс ендіре алған жоқ. Патшалық биліктің әуелі орыс-казактарды, кейінен қара шекпенді славян шаруаларын қоныс аударту арқылы Түркістан өлкесінде отарлау саясатын жүргізуі нәтижесінде Қазақстанның Оңтүстігінде полиэтникалық және көпконфессиялы құрылымының қалыптасуы осы мақалада баяндалады.

Түйін сөздер: патша үкіметі, көші-қон саясаты, демография, әлеуметтік жағдайы, халық құрамы, полиэтносты мемлекет.

Кіріспе. Зайырлы Қазақстан мемлекетінің қалыптасу барысы, мемлекеттік дамудың моделі мен қоғамдық жаңарудың жалпы адамзаттық құндылықтарымен тиімді үйлесуін ескеруге бағыттады. Бұл қадам сапалы түрде өзге этностардың Қазақстанға қоныс аударуы мен орнығуы мәселелерін сапалы зерттеуге итермеледі. Халықты қалыптастырудың негізгі кезеңдерін зерделеу мемлекеттік мүдделер, оның аумақтық тұтастықты, тұрақтылықты нығайту тұрғысынан өзекті екендігі анық.

Қазіргі әлемдегі жаһандану үрдістерінің қарқынды даму көрінісі этносаралық қатынастарды зерттеу мәселесін өзекті ете түсуде. Бұл бір жағынан жаһандану үрдісінің елдер мен өңірлер арасындағы шекараларды жоя алатын күшімен байланысты болып табылады. Бірақ, екінші жағынан алып қарағанда этностардың тілі, мәдениеті және демографиялық өсімі төңірегіндегі мәселелерді күшейте түсуімен ерекшеленеді. Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан түрлі этнодемографиялық құрамымен ерекшеленеді. Оған көптеген тарихи-саяси себептер әсер етті. Бүгінгі таңда патшалық Ресей билігі тұсындағы Қазақстан халқының этнодемография тарихын зерттеудің шарттары туындауда. Оның ішінде Оңтүстік Қазақстанның рөлі ерекше болып табылады.

Этнодемографиялық үдерістер туралы шынайы ақпарат тұрғындардың мемлекет азаматы ретінде өзін-өзі айқындау қасиетін қалыптастыруға ықпал ететіндігі сөзсіз. Еліміздің геосаяси жағдайы, көші-қон процесінде ең алдымен, Ресей империясының жүргізген саясатының әсері үлкен балғандығы белгілі. XVIII - XIX ғасырлардағы патша үкіметі тарапынан жүргізілген әскери-казак және шаруаларды қоныс аударту арқылы отарлау әрекеттері, Қазақстанда полиэтносты ортаның қалыптасуына әкеліп соқты. Ол ортаның өзіне тән қырлары болды. Бірінші кезекте шаруашылық, білім және әлеуметтік құрылымындағы өзгешеліктерді атар едік.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, мемлекеттік шекара мен халықтың этникалық құрамының қалыптасуларының тарихи тәжірибесін талдау мен жалпылау қадамдары демографиялық дамудың ғана емес, өндіріс заңдылықтарын айшықтауға да жол ашады. Оның ішінде әр этностың әлеуметтік-экономикалық бейімділіктерін де ескере кету қажет.

Материалдар мен әдістер. Мақала тақырыбының деректік базасын патшалық кезеңдегі Түркістан өлкесін басқаруға қатысты ережелер, шенуниктердің есептері мен хаттары, арнайы ғылыми еңбектер мен естеліктер құрайды. Зерттеудің әдіснамасы тарих, этнография, әлеуметтану ғылымдарындағы классикалық және заманауи теориялар мен тұжырымдамаларға сүйенеді. Көпэтносты мемлекеттерде этностық үдерістер тарихи-саяси, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылатындығы анық. Тақырыптың пәнаралық сипатқа ие екендігін ескере және тарихилық принципіне сүйене отырып, зерттеуде келесідегідей жалпы ғылыми әдістер қолданылады: жүйелілік, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы-саралау, сонымен бірге тарихи-салыстыру, статистикалық талдау, ретроспективтілік сынды арнайы тәсілдер.

Деректер мен әдебиеттерді методологиялық және теориялық негізде зерттеу күрделі сұрақтарға қатысты тарихи әдістер арқылы зерделеу принциптеріне сүйене отырып қарастырылды, ал бұл екі жағдай бір бірін толықтырып тұратыны сөзсіз. Оларда бастысы тарихи объектілік принципі тарихи фактілер мен нақты тарихи жағдайларды меңгеріп, оқиғаға байланысты қарым-қатынасқа қатысты айқын дәлелдерді айғақтау болып табылады. Тақырыпты зерттеу Қазақстанның этносаралық қатынастары мен үрдістерінің барысын жалпы мемлекеттік және өңірлік дәрежеде қарастыруына мүмкіндік ашқан жүйелілік әдісіне негізделеді.

Талқылау. XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап Қазақстанға көптеп қоныс аударып күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан өзге этностар тарихы бойынша революцияға дейінгі кезеңде, Кеңес үкіметінің тұсында және тәуелсіздік кезеңде зерттеулер жүргізілді. Қазақстанға Ресейдің империялық саясаты мен әлеуметтік жағдайға байланысты көшірілген этностардың саяси, әлеуметтік және демографиялық тарихына ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізу әр кезеңде ғалымдардың және сонымен бірге шетелдік зерттеушілердің назарына ілігіп отырды. Әр кезеңдегі тарихшы-ғалымдар өздерінің ғылыми тұжырымдарын жасауда заманауи ғылыми көзқарастар мен методологиялық принциптерге сүйенді. Сондықтан, мәселенің зерттелу деңгейін жеке кезеңдерге, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың ұстанымдарының әр түрлілігіне сай тарихнамалық талдауға түсіру қажеттігі туындады.

Қазан төңкерісіне дейінгі тарихнама. Этносаралық қатынастар мен үрдістердің қазіргі тарихнамасы осы уақытқа дейін жинақталған тәжірибені белгілі бір деңгейде жалпылау мен талдауды қажет етеді. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстан жеріндегі халықтардың орналасуы мен әлеуметтік жағдайы туралы зерттеулер қазақ жеріне түрлі экспедициялар ұйымдастырған ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі. Олардың ішінде іргелі зерттеулердің қатарында ғалымдар А. Макшеевтің, А. Гейнстің, Н.А. Аристовтың Қазақстанның далалы аймақтарына этнографиялық, географиялық және басқа да зерттеу жұмыстары айтылады. Сонымен қатар, Ресей империясының Қазақстан мен Орта Азиядағы аймақтарындағы көші-қон процестерін зерттей отырып, соның аясында мұндағы халықтардың орналасу аймақтарын зерделеген ғалымдар да болды. Бұл тақырыпта негізгі зерттеу жұмыстары К. Паленнің Н. Турчаниновтың, А. Тресвятскийдің, зерттеулері маңызды болып табылады.

Кеңестік және ресейлік тарихнама. Егер революцияға дейінгі авторлардың негізгі еңбегі материалдарды жинақтау мен жүйелеуге арналса, мәселенің теориялық тұрғыда қорытылуы кеңестік авторлардың үлесіне тиеді. Кеңес дәуірінің тарихнамасында тақырып аясындағы демографиялық зерттеулердің рөлі айтарлықтай өсе түседі. Бұны демографиялық бетбұрыс десек те болады. Революцияға дейінгі Қазақстан тұрғындарының этникалық аспектілерін қарастырған Н.В. Алексеенко, Н.Е. Бекмаханова, Д.И. Дулатова, Э.И. Герасимова, Н. Әлімбаев, Х. Арғынбаев сынды авторлардың жұмыстары көрнекі рөл атқарады.

Қазақстан халықтарының этникалық тарихына деген қызығушылық кеңестік тарихнамада арнайы зерттеу пәні ретінде жүргізілді. Ол басым ретте жекелей демографиялық жұмыстар

арқылы көрініс тапты. Бұл тұрғыда Д.И. Дулатованың «Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг)», Э.И. Герасимова мен Н.Е. Бекмаханованың «Проблемы политической и социально-экономической истории Казахстана в XIX веке (70-80 е годы)», Х. Арғымбаевтың «Историко-этнографические проблемы истории дореволюционного Казахстана в историографии конца 30-50 гг.» зерттеу жұмыстары тарихнаманың жаңа ойлармен толықтырылуына үлестерін қосты.

XIX ғасырдың соңында қазақ жерінің ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуының барысы, себептері және жағдайы жайлы, М.Н. Қабиловтың еңбегінде, М. Сушанлонның және Ю. Баранованың мақалаларында, Х.Ю. Юсупов, М.Қ. Тургунов пен Л. Динашеваның диссертацияларында бейнеленгенін атап өтуге болады.

Отандық тарихнама. Қазақстан Республикасы әлемдегі көпэтносты мемлекет екендігі баршаға мәлім. Жоғарыда атап өткендей, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соң, Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың тарихын объективті түрде зерттеу тарих ғылымындағы басты тақырыптардың біріне айналды. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінің авторлары ағымдағы статистика мен халық санағының материалдарын қолдана отырып, халықтың негізгі топтарын есепке алу тәсілін ұсынды. Аталмыш тәсілдің негізінде Қазақстан халқының ұлттық, әлеуметтік құрамына және олардың жасына сипаттама беріп, қала және ауыл тұрғындарының әлеуметтік қауымы және жастық топтарына орай білім дәрежелерін анықтады. Бұл әдіснамалық ілгерілеулер Н.В. Алексеенко, М.Қ. Қозыбаев, М.-А.Х. Асылбеков, А.Б. Галиев, А. Құдайбергенова сынды демограф тарихшылардың есімімен байланысты еді.

Шетелдік тарихнама. Түркістан өлкесіндегі патшалық үкіметтің отарлық саясатын зерттеуге батыстық тарихшылар соңғы жылдары ерекше көңіл аударылып келеді. Солардың ішінде Ресейдің көпұлтты елге айналуындағы патшалық және Кеңестік биліктің саясатын сынға алған австриялық тарихшы Андреас Каппелердің «Россия – многонациональная империя» атты еңбегін ерекше атап өткен жөн. А. Каппелердің зерттеуінде айтылған сындарға қарама қарсы пікірді орыс тарихшысы Т.В. Катюкова айтады. Оның «Окраина на особом положении. Туркестан в преддверии драмы» атты еңбегінде 1898-1916 жылдар аралығындағы өлкедегі кең ауқымды мәселелер қамтылған: басқарушылық, құқықтық, этностық-демографиялық, ұлттық, білім беру және әлеуметтік. Алайда, үлкен көлемді архивтік материалдарды қолданған автор аталмыш еңбегінде империялық шенеуніктердің іс-әрекеттерін, саясатын ақтауға тырысады да, отарлық саясаттан зардап шеккен жергілікті тұрғындардың жағдайы көлеңкеде қалып қояды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанда 1867-1868 жж. отарлауды жеделдету және империяның өсіп келе жатқан өнеркәсіп мүддесін ақтау үшін, Орта Азияның шеткі аймақтарын игеру мақсатында Ресей үкіметі бірқатар реформаларды жүзеге асырды.

1867 жылы 11 шілдеде патшалық Ресей императоры II Александр «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша Ережесінің» жобасын, келесі жылдың қазан айының 21 жұлдызында «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» жобасын бекітті. Аталған Ережелер негізінде Ресей империясы қазақ жерлеріне иелік ету құқығына ие болды. Әсіресе, орыс кәсіпкерлері меншігіне қазба байлығы мол жер телімдері бекітіліп берілді. Ал, қоныс аудару қорын құру көшпенді жергілікті тұрғындар иелігіндегі жерлер есебінен жүргізілді. Ендігі жерде жергілікті қазақ тұрғындарының иелігіндегі жер телімдерін заңсыз тартып алу жайттары кең өріс алды.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары Жетісуды орыс-казактарының отарлауы жалғасып, олар Ресей үкіметінің шекарадағы үміті мен тірегі болып саналды. Алайда, оларға ірі үлестердің берілгеніне қарамастан, орыс-казактары көп жағдайда егіншілікпен айналыспады. Осы кезеңде, орыс-казак отарлауымен қатар, Қазақстан аумағына қарашекпенді орыс шаруаларының қоныс аударуы дами бастады. Бастапқыда орыс шаруаларының қоныс аударуы Петербург әкімшілігінің рұқсатынсыз өз бетінше жүрді. Өлкеге өз бетінше келген қарашекпенділер жергілікті қазақ шаруаларынан жерді жалға алып, өзара келісімге келген деректер көптеп кездесті.

Патшалық биліктің тыйым салуына қарамай стихиялы қоныс аударушылардың санының артуы нәтижесінде 1889 жылдың 13 шілдесінде «Село тұрғындары мен мешандардың

казыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы» Заң бекітілді. Дала өлкесінде бұл Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының жерлері болды.

Бұл кезеңді өлкенің шаруа отарлау тарихындағы жергілікті әкімшіліктің қоныс аударушы - өз еркімен күрес уақыты деп атауға болады (өз еркімен көшіп-қонушылар 1889 ж. Заңы бойынша бұрынғы тұрғылықты жеріне жіберілуі тиіс еді). Бірақ 1892 жылдың 29 маусымында Ішкі істер министрлігі Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аударуды толығымен жария етті, ал 1893 жылдан бастап қоныс аударушылар қоныс аудару кезінде жолдық жәрдемақы, азық-түлік және дәрігерлік көмек ала бастады. Сондай-ақ, Сібір темір жолының құрылуына байланысты келімсектерге 4-санаттағы поезд вагондарда жол жүру құнының үштен бір бөлігі төлейді деген жеңілдіктерге ие болды (Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 1997: 106).

XX ғ. басында Ресейдің ішкі аудандарынан Түркістан өлкесіне қоныс аудару процесі айтарлықтай күшейе түсті. Шаруа қауымын бекіту жөніндегі орталық үкіметтің шаралары шаруа қозғалысын тежеуде тиімсіз болғандықтан, жеке шаруа қожалығына екпінді ауыстыру туралы шешім қабылданды. Бұл шаруа қожалықтарының американдық, фермерлік даму жолына көшуін жоспарлаған Столыпиндік қайта құру кезеңіне тура келді. Алғашқыда патша үкметі қазақ даласында жаңа жер қожайындарын қалыптастыру мақсатында белгілі бір дәрежеде байлығы бар орыс шаруаларына қоныс аудару үшін арнайы рұқсат қағаздарын береген болса, ендігі жерде өтініш білдіргендердің барлығына жолдама беріле бастады. Нәтижесінде, 1870-1914 ж. аралығында халық саны күрт өсіп Жетісу облысында 156826 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 81550, әйелдер – 75276. Жалпы 1861-1914 жылдары Қазақстанға 2027263 адам қоныс аударды.

Қоныс аудару үдерісі шаруалардың әлеуметтік-мәдени және шаруашылық бейімделу мәселелерімен қатар жүрді. Батыс Сібірде бұл процесс қандай да бір дәрежеде қоныс аударушылар мен ескі халықтың ұлттық-мәдени және шаруашылық дәстүрлерінде жалпы бастаулармен жеңілдеді. Халықтың бұл топтары осы аймаққа орыс шаруа-егіншілік мәдениетін әкелді (Гинс, 1912: 77). Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында қоныс аудару және бейімделу процестері өз ерекшелігіне ие болды. Мұнда қоныс аударушылар көшпелі өмір салтының ерекшеліктеріне және тұрғылықты халықтың тұрмысына байланысты күрделі жағдайларды меңгеруге тура келді. Менталитет пен өмір салты тек келген халықтарда ғана емес, сондай-ақ осы аудандардың байырғы тұрғындарында да өзгеріске ұшырады. Екі түрлі қауымдастық өкілдерінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимылы процесінде шаруашылықты ұйымдастыру мен жүргізудің пайдалы дағдыларын меңгеру, қазақ халқының отырықшылыққа біртіндеп көшуі, егістік алқаптарының өсуі, шөп шабудың дамуы, малдың бір бөлігін қорада ұстауға ауыстыруы орын алды (Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г., 1904: 71). Алайда, орыс шаруаларының өлкеге көптеп қоныс аударуының теріс жақтарыда көп болды. Қара шекпенділер толқынының көбеюмен ауыл шаруашылығына ыңғайлы, шұрайлы жерлерінен жергілікті халықтың ығыстрылуы, жер мәселесіне байланысты ашық қақтығыстардың орын алуына алып келді.

Қазақстанда шаруа қозғалысы және қоныс аудару саясаты 1867-1882 жылдары бұрынғы Жетісу облысын басқарған Г.А. Колпаковскийдің белсенді қызметімен тікелей байланысты болды. Бастапқыда ол өлкенің казак отарлауына қолдау көрсетті, Ресей империясының шығыс шетінде әскери іске жақсы оқытылған халықты орналастыру қажет деп есептеді және бұл өлкеде орыс-казактарының қоныстануын талап етті. Осылайша, 1857 ж. Жетісу мен Іле алқабына отбасылы орыс-казактарын жаппай орналастыру арқылы отарлау басталды. Олардың қатары казактар қатарына тіркелген қара шекпенді шаруалар есебімен толықтырылып отырылды.

Бірақ XIX ғасырдың 50-ші жылдары Алатау округінің бастығы болған Г.А. Колпаковский казактардың қарқынды қоныс аударуының қажеттілігі туралы тұжырымға келді. Жаңа қоныстанушылар көшуге ниет білдірген еріктілерден, отбасылық төменгі шендегі казактардан, шығу тегі орыс, діні православиелік болуы керек деп есептеді (Гинзбург, 1991: 125).

XIX ғасырдың 80 жылдарының соңына қарай Г. Колпаковский облысты казактарды қоныстандыру арқылы отарлауға көңілі толмады, сондықтан, ендігі жерде қоныс аудару процесіне орыс шаруаларын барынша көбірек тарту керек деп есептеді. Үлкен үлестерге

карамастан, казактар егіншілікпен айналысқан жоқ. Сондай-ақ, соғыс кезінде казактар өлке аумағында орналасқан көптеген тұрақты әскерлерге орын бере отырып, өзінің тарихи маңызын жоғалтты (Васильев, Любичанковский, 2018: 58). Осы үрдістердің себебі, қоныс аударушылар үшін толық қалыптасқан жер қорының болмауы Ресей үкіметінің көші-қон саясатының кемшіліктері болды.

Түркістандағы қоныс аудару саясатында 1868-1883 жылдар аралығында Жетісу облысының басшысы Г.А. Колпаковскийдің ұсынысы бойынша қабылданған «Шаруалардың Жетісуға көшуі туралы Уақытша Ережелер» басшылыққа алынды.

Алғашқыда өлкеге орыс-казактарын қоныс аудартумен шектелген болса, біртіндеп келе бай шаруаларды, кейінен жерсіз-күйсіз жүрген қарашекпенділердің қоныс аударуына рұқсат бере бастады. Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман: «Орыс қоныстары өлкеде кең таралған кезде ғана, бір-бірімен байланыста болады, сол кезде олар нағыз күшке айналады» деп айтқан болатын (Венюков, 1877: 168).

Қазақстанның оңтүстік территориясына славян шаруаларының жаппай қоныс аударуы ХІХ ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында өзінің қарқынын арттыра түсті. Әсіресе, қоныс аударушылардың үлкен Жетісу облысына келді. Губерния басшысының ұсынысымен қабылданған Ережелер бойынша әрбір қоныс аударушы тұлғаға 30 ондық жер берілуі көзделінді. 15 жылға қоныс аударушылар салықтардың, міндеттіліктің барлық түрлерінен, міндетті жұмыстардан босатылды. 80 жылдары мұнда 29 орыс селосы болды. Село тұрғындарының саны жыл сайын әскери міндеттерден босатылған казактардың есебінен толықтырылды. Облыста өз салт-дәстүрлерімен өмір сүретін орыс-казак станицалары көбейе берді.

Жетісу облысындағы көші-қон үдерісінің басқа өлкелерден айырмашылығы, мұнда Шығыс Түркістаннан ұйғырлар мен дүнгендердің қоныстануы құбылыс еді. Осылайша Қазақстанның полиэтникалық картасы жаңа этнос өкілдерінің қауымдарымен толықты.

Патшалық Ресейдің қазақ жерлерінде жүргізген қоныс аудару саясаты жергілікті тұрғындардың тұрмысына айтарлықтай зиянын тигізді. ХХ ғасыр басында қазақтардың иелігіндегі егінге жарамды, құнарлы, шұрайлы жерлерінің 80 пайызын переселен шаруаларын орналастыру қорына тартып алынды. Бұл жайында өлкені тексеруге келген патша шенеуніктері өз есептерінде жазып отырды.

Түркістан өлкесі бойынша 1886 жылы қабылданған Ереже негізінде қоныс аударушы әрбір ер адамға 10 десятина жер берілуі, 5 жыл бойына салықтардың барлық түрлерінен босатылуға, содан кейінгі бес жылда салынатын салықтың жартысын ғана төлеуге тиіс болды. 1889 жылдың 13 шілдесінде қабылданған «Село тұрғындарын өз еріктерімен жаңа жерге көшіру және бұрынғы қоныс аударылғандар туралы арнайы Ереже» бойынша қоныстандыру тек алдын ала Ішкі істер министрлігінің және мемлекеттік жер иеліктері министрлігінің рұқсаты арқылы ғана мүмкін болатын еді. Алайда патша әкімшілігі жаппай қоныстандыру үдерісін жоғары дәрежеде бақылауға алмады. Бұл шаруалардың өздігінен көшуіне түрткі болды. 1891–1892 жылдардағы Ресейдің еуропалық бөлігіндегі жерлерде егіннің шықпай қалу құбылысы, ондағы шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуын жеделдетті. Нақ осы жылдары Қазақстанның этностық картасының ішкі құрамы өзгере түсті. Жаңадан көшіп келушілердің ішінде орыстар, белорустар мен украиндер көптеп кездесті.

Шаруалардың Қазақ даласына қоныс аударуы 1891 жылдың көктемінен бастап ресми түрде тоқтатылды. Бірақ қоныс аударушылардың тасқынын тоқтату өте қиын болды. ХІХ ғасыр соңында Транссібір темір жолы құрылысының басталуымен Қазақстанға орыс шаруаларының көптеп көшіп келуі жалғаса түсті. Өз еркімен қоныс аударушылардың келуіне Сібір темір жол комитеті де мүдделі болды. Қоныс аударушы шаруалар адам тасуға бейімделмеген қолайсыз вагондарда жеткізілді.

Азық-түліктің жетіспеушілігі мен дәрігерлік көмектің болмауы салдарынан адамдардың арасында ауру-сырқат көбейді, тіпті өлім-жітім де аз болған жоқ. Осыған орай, Омбы, Петропавл, Верный, Ташкент қалаларында жедел емдеу ауруханалары салына бастады.

Ерте кеңестік кезеңде революцияға дейінгі Орталық Азиядағы орыс қоныс аударушылары туралы жазылмаған, өйткені ұлттық саясатта социализм кезінде ұлттық айырмашылықтарды өшіру туралы идея пайда болды. Түркістан қаласында орыс қоныс аудару қоғамдастығы туралы алғашқы жалпылама публикациялар кеш пайда болды, 1980-1990 жылдары (Назарбаев, 2003: 2). Бұл жұмыстарда орыс қоныс аударушылардың Түркістанды игеру процесі және қоныс аударушы кенттерде орналастыру, сондай-ақ жер пайдалану мәселелеріне, өңірдің келген және тұрғылықты халқы арасында жер телімдерді орналастыру мәселесіне баса назар аударылады.

Кеңес заманындағы еңбектерде Түркістандағы орыстар қоныс аударушылар біртұтас қоғамдастық ретінде қаралды. Бұл КСРО-да, тіпті Ресей империясының Орталық Азиядағы қоныс аудару саясаты мәселелерін зерттеу кезінде, үлкен далада әлеуметтік-экономикалық факторларға назар аударғанына байланысты.

XIX–XX ғғ. аяғында Орта Азиядағы славяндардың тағдыры туралы кейінірек жарияланған мәліметтерде Түркістан қаласына қоныс аударған алғашқы қоныс аударушылардың тұрмыстық мәдениеті, тілі және өзіндік санасы мәселелері қарастырылды (Гейнс, 1897: 2). Дегенмен, зерттеушілер қоныс аударушы қоғамдастықтың әлеуметтік-мәдени сипаттамаларын аз дәрежеде талдады, ал өлкенің алғашқы басқарушылары мен зерттеушілерінің публицистикада, Түркістан генерал-губернаторлығының іс жүргізу құжаттамасының материалдарында, тексеру комиссияларының есептерінде және басқаларында сақталған көптеген жазбалары зерттелетін кезеңде орыс қоныс аударушылардың рухани және әлеуметтік-мәдени өмірі туралы бай этнографиялық материалдардан тұрады.

Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария облысында, 1897 жылғы халық санағы бойынша жергілікті тұрғындардың ішінде қазақтар – 64,4 %, түркілер – 10,73 %, сарттар – 9,76 %, өзбектер – 4,34 %, орыста – 2,16 %, украиндар – 0,87 %, белорустар – 0,1% құрады (Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г., 1904).

Түркістанды отарлағаннан бастап билік орыс қоныс аударушылардың өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Орыс әкімшілігі қоныс аударушылар арасында православие дініне маңызды мән берді. Түркістан өлкесіне негізінен орыс православиелік діни наным-сенімдегілерді қоныс аудартылды (Турчанинов, Домрачев, 1916: 181). 1897 ж. Халық санағының мәліметтеріне сәйкес, Сырдария облысы бойынша православие дініндегілердің үлесі 2,86 % – ды, ескі дәстүр – 0,19 %, католиктер – 0,2 %, протестанттар – 0,13 %, қалған христиандар – 0,01 % құрады. Бұл ерекшеліктер орталық және өлкелік әкімшіліктің Түркістанды орыс шаруаларымен отарлауға қатынасын анықтады. Мұсылман халқының наразылығын тудыру қаупі бірінші орында тұрды.

1872 жылға дейін Жетісу облысындағы шаруа отарлауы жоспарлы қоныстанудан озды. 1868-1882 жылдар аралығында Жетісуда 25 мың адам халқы бар 29 елді мекен құрылды.

Қалың қоныстанған Сырдария облысына, онда жаппай суармалы егіншілік үстем болған, орыс шаруаларының қоныс аударуы бос жерлердің жоқтығынан едәуір баяу жүрді. Алайда, Сырдария облысында 1891 жылға қарай 1300 адам 2 халқы бар 19 ауыл құрылды.

1873 жылы Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман бүкіл генерал-губернаторлыққа арналған шаруа отарлауының бас жоспарына қол қойды. Жоспар патшалық биліктің өлкедегі негізгі ұстанымдарын нығайтуға бағытталған еді. Переселен шаруаларының елді мекендері ірі өзендер мен Орынбор-Ташкентке дейін Верный арқылы Семейге дейін пошта жолдары бойында орналасқаналасуы тиіс болды және осы жоспар бойынша қоныстандырылды.

Түркістан өлкесіне келген алғашқы орыс қоныс аударушылар шешілуі қиын проблемалармен бетпе-бет келді: ата қоныстарынан кетуі, өздеріне мүлдем беймәлім жаңа орында орналасуы, ыстық ерекше климат, жерді өңдеу және су жүйелерін жүргізу жұмыстары және т.б. осының барлығы қоныс аударушылардың бір бөлігін кері қайтуға мәжбүр етті. Мәскеу «Родина» журналының очеркінде (1880 ж.) аты жоқ автор елге қайта оралған орыс қоныс аударушымен болған әңгімесінде Түркістанды төмендегідей сипаттағанын жазады: «Жер құрғақ, қатты, сортаң, құм төгілген, біздің машықтанған дақылдарды өсіруге аса қолайсыз. Осы жердің

өзінің құпия суару тәсілдері бар. Оны үйренуге біраз уақыт кетеді». Осылайша, мұндағы ауыр климат, егін егудің өзіндік ерекшелігі, өмір сүрудің қиындығы, жергілікті әкімшіліктің толық әрекетсіздігі қоныс аударушыларын Ресейге қайтуға мәжбүр етті.

XIX ғасырдың 80-ші жылдары қоныс аудару саясатында бетбұрыс басталды. Өйткені Орталық Ресей губернияларында орын алған аштық үлкен қауіпке айналды. 1881 жылы «Бос жатқан қазыналық жерлерге шаруалардың қоныс аударуы туралы Уақытша Ереже» қабылданды. Алайда, патшалық билік шаруалардың жаппай қоныс аударуын тежеу қажет деп есептеп, шектеу шараларын сақтап қалды. Ал, 1883 жылы орыс шаруаларының Түркістан өлкесіне қоныс аударуы мүлдем тоқтатылды.

1886 жылы «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» бекітілді, осыған байланысты Түркістан өлкесінде жерге орналастыру - беру құрылғысын енгізу туралы Ереже шығарылды. Оларға сәйкес, ірі жер иеленушілер мен мұсылман дін қызметкерлерінің артықшылық жағдайы жойылды. Көшпелілер иелігіндегі жерлер оларға «мерзімсіз қоғамдық пайдалануына берілген мемлекеттік жерлер» деп жарияланды.

«Түркістан өлкесін басқару туралы Ережені» басшылыққа ала отырып, орыс әкімшілігі көшпелі халыққа тиесілі жерлердің көп бөлігін алып, сол арқылы орыс қоныстарына тарату үшін жер қорын құрды. Орыс отарына жақында қосылған Түркістан өлкесінде өздеріне тірек жасау үшін мұндағы егіншілікке қолайлы жерлерді орыс шаруаларына беру аса қажет болды. Сондықтан да, арнайы мемлекет жолдамасымен келмеседе, отарлық билік өз еркімен келген қоныс аударушыларға кемінде 7-10 десятинадан жер, үй салуға, жұмыс малын, құрал-саймандарды және егін егуге қажетті заттарды сатып алуға материалдық көмек беруді кеңінен қолға алды.

1889 жылдың 13 шілдесінде 1904 жылға дейін күшінде болған жаңа қоныс аудару «Заңы» бекітілді. Жаңа заңдағы басты міндет – қоныс аударушылар жергілікті әкімшілікке бағынуға және бұдан былай шаруалар қоныс аударуға арнайы рұқсат алуға міндетті болды. Қоныс аударушыларға да несие мен жәрдемақы берілді. Алайда шаруалардың өз бетімен қоныс аударуы жалғаса берді. Қоныс аударушыларының отарлауына күшті түрткі болған жағдай – 1891 жылы Еуропалық Ресейдің маңызды бөлігін қамтыған құрғақшылық болды. Ендігі жерде, қоныс аударушылардың үлкен толқынын реттеу үкімет тарапынан ерекше назар аударуды қажет етті.

Бұл топтар Сырдария, Ферғана және Самарқанд өңірлерінің байырғы облыстарына жатқанымен, негізінен Кавказ және Жетісу облыстарында орналасқан сектанттар мен старообрядтар, православиялардан басқа Түркістанға шектеулі ауқымда басқа христиан дінінің өкілдері қоныстанды. Түркістан шенеуніктері өз есептерде молокандар шаруашылық жағынан орыстардың ерекше тобы ретінде шаруашылықтың тұрақтылығымен ерекшеленгенін атап өтті. Бір газет Сырдария облысына көшіп келген орыс шаруалары туралы 1906 жылғы санында былай жазды: «Ташкент уезінде Алексеевка кентінде 60-қа жуық байырғы орыс адамдары тұрады. Олар, ішімдік ішпейтін, тіпті темекі шекпейтін, бай-қуатты, дінге сенімі мол, қарапайым және адал халық саналады» (Венюков, 1877). Түркістан үкіметі бірінші кезекте, спирттік ішімдіктерді тұтынудан бас тарту жергілікті мұсылман халықтарымен тұрақты және бейбіт өмір сүруге негіз болады деп ұйғарды. Ташкент уезінде православиелік қауыммен бірге ескісалттық орыстар, молокандар, баптистер, сенбіліктер, иеговистер, сондай-ақ Л.Н. Толстойдың ілімінің ізбасарлары тұрған ауылдар да болды (Бекмаханова, 1980: 61).

Әкімшілік келген 15 мың орыс қоныс аударушылардың ішінен тек 2 мыңы ғана жергілікті халықтан шеттетілген жерлер есебінен орналастыра алды. Қалғандары кедейшілік жағдайында болды. Оларды кері қайтару мүмкін емес еді, сондықтан Үкімет дүлей қоныс аударуларды заңдастыруға мәжбүр болды.

1893 жылдан бастап Дала аудандарына қоныс аудару заңдастырылды. Түркістан отарлауының ерекшелігі қазақ даласына қарағанда халықтың тығыздығының едәуір жоғары болуына байланысты, отырықшы халық басым болды. Орыс қоныс аударушыларды егіншілік аудандарында қоныстандыру жергілікті халықтың наразылығынан қорықпады. Сонымен қатар, Түркістан жерлерін орыстар шаруаларымен қоныстандыруда отарлық әкімшілік рұқсат

қағазынсыз өз еркімен келген қоныс аударушыларды елдеріне қайтарудың орнына оларды жайластырумен айналысты.

Түркістан өлкесіне қарасты қазақ облыстарына келген орыстар шаруалары көп ұзамай жергілікті шаруашылықты жүргізу мәдениетін игерілгендігі жайындағы деректер мұрағат құжаттарында көптеп кездеседі. Алайда, қоныс аударушылардың көптігі облыстардағы қолайлы жер тапшылығынан туындаған қиындықтарды күрделендірді. Бұл фактілер жергілікті халықтың наразылығының өсуіне ықпал етті. Сонымен қатар, патшалық отарлық билік қоныс аударушылардың елді мекендерін әскери гарнизондар ретінде қарастырған жағдайлар да жиі кездесті. Қоныс аударушылар арасында отставкадағы сарбаздар да біршама болды. Орыс шаруаларын «туземдерден қорғану» мақсатында, 1892 жылы әскери губернатор Н.И. Гродековтың бастамасымен, қаруландыру басталды. Алайда, XX ғ. басында, бұл саясат теріс сипат алып кеткендіктен, қаруландыру тоқтатылды.

1896 жылы Қаржы министрі С.Ю. Витте Түркістан өлкесіне славян шаруаларын қоныс аударуына қарсылығын білдірді. Оны Әскери министр П.С. Ванновский қолдады. Нәтижесінде, министр үкіметтің Жетісу облысына қоныс аударуға тыйым салатын шешім қабылдауына қол жеткізді.

1900-1903 жылдары әлемде экономикалық дағдарыс болды. Қоныс аударушылар легі Түркістанға қайта ағылды. Мысалы, тек Жетісу облысына 2228 отбасы немесе 11687 адам келді.

Ендігі жерде, Николай II басқарған орыс үкіметі орыс шаруаларының Түркістан өлкесіне қоныс аударуын жалғастыруын қолдады. Түркістанның отарлық әкімшілігінің қарсылығы есепке алынбады. Мәселен, Ресей императоры 1904 жылғы Жетісу облысының әскери губернаторының жіберген хатында былай деп жазды: «Өлкені отарлауды табанды түрде алға жылжыту қажет» (Васильев, 1890: 54). Бұл сөздер қоныс аудару саясатына жаңа серпін берді.

Орыс шаруалары жаңадан құрылған қоныс аударушы поселкелеріне немесе Түркістан өлкесіне қалалардың «орыс бөлігінде» жеке анклавтарға орналастырылды. Билік қоныс аударушыларды жергілікті халықтан қорғауға барынша тырысты. Түркістан өлкесіне келген билік жіне зиялы қауым өкілдері, дәрігерлер, зейнеткер әскерилер мен олардың отбасылары, қолөнершілер қалалардың «орыс бөлігіндегі» жекелеген аудандарында өмір сүрді. Қаланың «орыс бөлігіне» ерекше жағдайлар жасалынды, онда әкімшілік ғимараттары, жаңа үлгідегі тұрғын үйлер, ауруханалар, мектептер, моншалар, су жүйелері салынды. Бұл аудандардың өз басқару жүйесі болды.

Отарлық билік қоныс аударушылар мен жергілікті халық арасында байланыстың тығыз болуына қаншалықты кедергі болуына қарамастан, іс жүзінде алғашқы жылдардан бастап-ақ, олардың арасында шаруашылық, сауда және тату көршілік қарым-қатынастар орнады.

Түркістан әкімшілігі белгілеген тәртіп негізінде, тұрғылықты ұлт өкілдерінің орыс ауылдарына қоныстануына рұқсат етілмеген. Сол арқылы билік қоныс аударушыларды тұрғылықты халықпен қарым-қатынастардан қорғауға ұмтылды. Орыс шаруаларының қауіпсіздігін әскери күштермен қамтамасыз етті. Алайда, көп ұзамай ақ, переселендер мен жергілікті тұрғындар арасында екі тарапқа да тиімді шаруашылық және сауда қарым-қатынастар орнады. Орыс шаруалары жергілікті көшпелілер-мал өсірушілерді шөп шабуға және қыста шөп дайындауға үйретті, бұл қыста мал басын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Өз кезегінде, тұрғылықты тұрғындар орыс қоныс аударушыларына олар үшін қолайсыз климаттық жағдайларға және жергілікті егіншіліктің ерекшеліктеріне бейімделуге көмектесті.

Сырдария облысындағы алғашқы қоныс аударушылар 1870-ші жылдардың ортасында пайда болды. Барлық облыстарда Түркістан әкімшілігі жаңа қоныс аудару кенттерін құру үшін жер іздеді, бірақ суармалы жер телімдері үлкен көлемде жеткіліксіз болды. Түркістандағы Еуропалық Ресейден «билеттік» қоныс аударушылар көшіп келді, олар мұнда қоныс аударуға рұқсат алғанымен, жер үлестерін алуға кезек күтуге тура келді. «Билетпен» келгендерден басқа Түркістанға куәліксіз өз еркімен қоныс аударушылар саны көп болы. Көп жағдайда, Сырдария облысына өз еркімен келген қоныс аударушылар мешіт маңындағы қоныстарға орналасты. Себебі мұнда жерді өңдеп уақытша жалақы табу оңай болды.

Су және жер ресурстарын пайдаланумен бірге көптеген әкімшілік нормалардың реттелмеуі жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасындағы өзара қарым қатынасты қиындатты. Осындай жағдайда сыртан келген қоныс аударушылар өздерінен бұрын келіп орнығып алған ескі қоныс аударушы орыс-казактарынан немесе егінге қолайлы жері көп жергілікті тұрғындармен келісімге келіп жер сатып алуға көшеді. Көп жағдайда олар арасындағы келісім ресми рәсімделмейді де. Мұндай жағдайда жергілікті әкімшілік тарапынан алаяқтықтың көптеп орын алғандығын 1910 жылы арнаулы ревизияның бастығы Н.А. Гавриловтың тексеру анықталады (Дулатова, 1984: 206).

Революцияға дейінгі жарияланымдарда аймаққа славян шаруаларын орналасу мәселелері, осы үдерістің артықшылықтары мен кемшіліктері, оның ішінде тұрғылықты халық зардап шеккен залал да кеңінен талқыланды. Бірінші кезекте Түркістандағы орыс шаруасының теңсіздігі және оның қоныс аударушылар мен тұрғылықты халық арасындағы қарым-қатынастарға әсері атап өтілді.

Империялық шенеуніктердің есептерінде «түземдіктерді» заңмен қорғауға арналған құқықтарды бірінші кезекте шаруалардың өздері бұзды деп қарастырылады. Жер, су пайдалану жүйесі және ақша есептерінің салдарынан даулы қақтығыстарға себеп болды делінеді. Тексеру мақсатында Түркістан қаласына келген шенеуніктердің баяндамалары мен есептерінде аймақтағы отарлау мәселелерін кеңінен талқылауға қарамастан, бұл жарияланымдарда жергілікті халықтың құқықтарына қысым жасамау емес, мемлекеттің мақсаттылығы мен мүдделері басты назарда болды.

А.А. Кауфман Сырдария облысында шаруалар мен қазақтар арасында жерді жалға алуға, суаруға және т.б. байланысты тату көршілік іскерлік қарым-қатынастар байланған жағдайларды көрсетті. Полиэтникалық ортада «тамыр» (достық-бауырластық) түсінігінің пайда болуымен байланысты адамгершілік және жалпы өзара қонақжайлылық принциптерінің орнағандығын атауға болады (Яшнов, 1915: 33). Орыс халқының шаруашылық өмірінің кейбір ерекшеліктері Сырдария облысының тұрғылықты халқының шаруашылығында табысты пайдаланылды (Яшнов, 1915: 34).

Сырдария облысының орыс ауылдарына барған сапарларының бірінде этнограф И.И. Гейер Түркістандағы кәдімгі өмірде орыс ұлтының мәдени-этникалық ықпалының қатысу фактісінің өзі айтарлықтай көп байқалатынын атап өтеді: «Шымкент қаласына жақындап келе жатқан сайын, орыс еліне саяхат жасайтындарың санасына соғұрлым көбірек енесің» (Герасимова, Бекмаханова, 1988: 33).

Ресей империясының Түркістан генерал-губернаторлығындағы көші-қон саясаты орыс егіншілік анклавын қалыптастыруға бағытталған болатын. Қоныс аудару саясатын жүзеге асыру принциптері Түркістандағы орыстардың ерекше әлеуметтік-мәдени сипаттардың қалыптасуына ықпал етті. Орыс әкімшілігі қалалардың «орыс бөліктерін» және жаңа қоныс аударушы кенттерді құру арқылы жергілікті халықпен байланыстардан қоныс аударушыларды шаруашылық-тұрмыстық қатынаста қорғауға ұмтылды.

Қаралып отырған кезеңде патша үкіметінің жүргізген қоныс аудару саясаты негізінде Түркістан өлкесіндегі Жетісу және Сырдария облыстары аумағында Орталық Ресей губернияларынан келген орыс, украин, беларусь шаруалары мен бірге шет елден және Ресейдің шет аймақтарынан азиялық нәсілдегілер - ұйғыр, дүнген, өзбек, татар және т.б. халықтар қоныс аударды. Бұл ұлттардың келуі өз кезегінде өлкеміздің демографиялық ахуалының өзгеруіне әсер етуімен бірге, жергілікті көшпелі қазақ халқының тұрмыс жағдайына да елеулі ықпал етті (Динашева, 2010: 42).

Ресей мен Қытай арасында жасалған 12 ақпан 1881 жылғы Петербург келісіміне сәйкес Құлжа ауданы Қытайға беріліп мұндағы тұрғындарға «бір жыл ішінде орыстар иелігіне жылжитын мүлкімен қоныс аударуына рұқсат беріледі». Нәтижесінде, шекарада орналасқан Жетісу облысына келген ұйғыр және дүнген қоныс аударушылары уездер бойынша мынадай тәртіппен орналасты: Верный уезіне - 26164 ұйғыр, 1126 - дүнген, барлығы - 27290 адам, Жәркент уезіне - 18209 ұйғыр, 1347 дүнген, барлығы - 20556 жан, Пішкек уезіне 5284 дүнген,

Ыстықкөл уезіне 1379 дүнген қоныстанды (ҚР ОМА, 44: 4805). Жалпы қоныс аударушылардың 50,1 проценті - Верный уезіне, 37,1 проценті Жаркент уезіне, яғни негізгі бөлігі Жетісу облысының қазақ уезіне орналасты. Тек 12,2 проценті ғана (тек дүнгендер) Солтүстік Қырғызстан (Пішпек және Ыстықкөл уездеріне) қоныс тепті. Сондай-ақ, дүнгендердің аз ғана бөлігі Шу өзенінен өтіп, Сырдария облысының Әулиеата уезіне орналасты.

Ресейден келген орыс шаруаларына берілетін көмек ұйғыр, дүнген шаруаларына берілмеді. Олардың жаңа жерге орнығып кетуі қиынға соқты. Қолдарында ешқандай құрал-саймандары жоқ кедейлер үшін бөлініп берілген жердің ешқандай да құны болмады. Оларға жер қауымдық пайдалануға берілген еді. Қауым шаруалардан несиені қайтарып беруді талап етті, ал 1891 жылдан бастап жер үшін төленетін салық оның өңделіп, өңделмегендігіне қарамай төленуі тиіс болды. Қауымның бар ауыртпалығы ондағы кедейлердің иығына түсті. Осындай жағдайлардан соң кедейлердің көпшілігі орналастырылған ауылдардан қашып кетуге, кәсібін ауыстыруға мәжбүр болды.

XX ғасыр басында сырттан келген халықтардың Оңтүстік Қазақстан жерін отарлау процесі жалғаса берді. Бұл уақытта Жетісу облысына да Түркістан мен Қашқариядан өзбектер қоныс аударды. 1901 жылы Жетісудың қазақ уездерінде 3732 өзбек болса (ҚР ОМА, 44: 48419), 1913 жылы олардың саны - 7926-ға жетіп, 9 жыл ішінде 2,1 есеге өскен (Обзор Семиреченской области, 1914:5). Әрине, өзбектердің Оңтүстік Қазақстанға келуі ішкі Ресейден өз еркімен келген орыс шаруаларының келуі сияқты қарқынды түрде жүрген жоқ, бірақ олардың келуімен елді мекендердегі кедейлердің саны жылдан жылға көбейіп отырды. Өзбектердің де көпшілігі ұйғырлар мен дүнгендер сияқты күн көрудің негізгі көзін ауыл шаруашылығынан емес, басқа кәсіптермен айналысудан іздестірді.

XIX ғасырдың соңында - XX ғасырдың басында өлкемізге ауыл шаруашылығы тұрғындарының қоныс аударуы мұндағы экономиканың өсуіне еткендігі сөзсіз. Егін алқабы ұлғайып, егін егу, жер өңдеу әдіс түрлері байи түсті. Дегенмен, кейінгі уақыттарда патша үкіметінің жүргізген аграрлық саясаты негізінде олардың көпшілігі ауыл шаруашылығынан қол үзіп, шетке кәсіп іздеп кетіп отырды. Осылайша, өлкемізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші негізгі халық - қазақтар болып қала берді.

Қорытынды. Өңір тұрғындарының полиэтникалық құрамының әлеуметтік және еңбек саласындағы бөліністері, этностардың менталитеті мен табиғи-географиялық ортаға айтарлықтай тәуелді болды. Бұл ретте мәдени және рухани аспектілердің де рөлі көрініс тапты. Оңтүстік Қазақстан өңірі суармалы егіншілік арқылы диқаншылықтың ежелден қалыптасқан аймағы болып саналады. Сонымен бірге, қалалық өмір салтының тарихи даму шарттары да әлеуметтік қатынастарға әсерін тигізбей қоймады. Жоғарыда аталған факторларға Ресей империясының әкімшілік билігінің орнауы еңбек бөлінісінің арақатынасын терең өзгертті дей алмаймыз.

Осылай, патшалық Ресейдің әуелі орыс-казактарды, кейінен қара шекпенді славян шаруаларын қоныс аударту арқылы Түркістан өлкесінде отарлау саясатын жүргізуі нәтижесінде Қазақстанның Оңтүстігінде полиэтникалық және көпконфессиялы құрылым қалыптасты. Жергілікті көшпенді және жартылай көшпенді қазақтар тұрғындардың басым бөлігін құрағанымен Ресейдің ішкі аудандарынан келген қоныс аударушылардың үлес салмағы XX ғасырдың басында жыл санап арта түсті.

Бұл зерттеу ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «XIX-шы және XXI-ші ғасырлардағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу» (BR10164179) гранттық жобасы аясында жүргізілді.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. – Москва, 1980. – 280 с.

Ben-Ghiat Ruth and Mia Fuller (eds.). Italian colonialism. – New York: Palgrave Macmillan, 2005. – 266 p.

Динашева Л.С. Оңтүстік Қазақстандағы қоныс аударушылар тарихы мәселелері: жаңа көзқарас (1867-1917 жж.). – Түркістан, 2010. – 140 б.

Васильев Д.В., Любичанковский С.В. Казахи и русские: бытовая аккультурация в XIX в. // Вопросы истории. – № 3. – 2018. – С. 151-165.

Васильев Н. Кочевники Туркестана (Опыт экономического обзора). – Самарканд, 1890. – 161 с.

Венюков М.И. Поступательное движение России в Средней Азии. – Санкт-Петербург, 1877. – 292 с.

Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т. 1. – Санкт-Петербург, 1897. – 589 с.

Герасимова Э.И., Бекмаханова Н.Е. Проблемы политической и социально-экономической истории Казахстана XVIII-XIX века (70-80-е годы) // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана. – Алма-Ата, 1988. – С. 28-37.

Гинзбург А.И. Русское население в Туркестане (конец XIX - начало XX века). – Москва: ИЭиА РАН, 1991. – 144 с.

Гинс Г. Вопросы колонизации Азиатской России и «выставка по переселенческому делу» // Вопросы колонизации. – №11. – 1912. – С. 4-15.

Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1984. – 272 с.

История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том 6 (2007). Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс. – 504 с.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.

Обзор Семиреченской области за 1913 г. – Верный, 1914. – С. 5

ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 4805-іс, Қосымша.

ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 48419-іс, 3-п.

Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. (1904). Общий свод по империи результатов разработки данных первой Всеобщей переписи населения, произведенной 1897 г. Т. 1-2. Санкт-Петербург: Издание Центрального статистического комитета Министерства внутренних дел.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах / под ред. С.Д. Асфендиярова и П.А. Кунте. 2-е изд. – Алматы, 1997. – 380 с.

Смирнов Е.Т. Сырдарьинская область. – Санкт-Петербург, 1887. – 355 с.

Турчанинов Н., Домрачев А. Итоги переселенческого движения за время с 1910 по 1914 гг. – Петроград: Издание Переселенческого управления, 1916. – 81 с.

Яшнов Е.Е. Колонизация Туркестана за последнее время // Вопросы колонизации. – № 18. – 1915. – С. 145-150.

References

Bekmahanova N.E. Formirovanie mnogonatsional'nogo naseleniya Kazahstana i Severnoy Kirgizii [Formation of the multinational population of Kazakhstan and Northern Kyrgyzstan]. – Moscow: Science. 1980. – 280 p. [in Russian]

Ben-ghiat Ruth and Mia Fuller (eds.) Italian colonialism. New York: Palgrave Macmillan]. – 2005. – 266 p. [in English]

Dinasheva L.C. Ontustik Kazakhstandagy konys audarushylar tarixy maseleleri: jana kozkaras (1867-1917 zh.). – Turkistan, 2010. – 140 b. [in Kazakh]

Vasilyev D.V., Lyubichankovskiy S.V. Kazahi i pusskie: bytovaya akkul'turatsiya v XIX v. [Kazakh and Russian: household acculturation in the 19th century] // Questions of history. – 2018. – № 3. – P. 151-165. [in Russian]

Vasil'ev N. Kochevniki Turkestana (Opyt ekonomicheskogo obzopa) [Nomads of Turkestan (experience of the economic survey)]. – Samarkand, 1890. – 147 p. [in Russian]

Venyukov M.I. Postupatel'noe dvizhenie Rossii v Sredney Azii [The forward movement of Russia in Central Asia]. – St. Petersburg: Tipog. V.Bezobrazova and Co. 1877. – 292 p. [in Russian]

Gaines A.K. Sobranie litepatupnyh tpudov [Collection of literary works]. Vol. 1. – St. Petersburg: Tipog. M.M. Stasyulevich. 1897. – 589 p. [in Russian]

Gerasimova E.I., Bekmahanova N.E. Problemy politicheskoy i sotsial'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana XVIII-XIX veka (70-80 e gody) [Problems of the political and social-economic history of Kazakhstan in the 18th-19th centuries (70-80s)] // Questions of the historiography and source study of Kazakhstan. – Alma-Ata: Science. 1988. – P. 28-37. [in Russian]

Ginzburg A.I. Russkoe naselenie v Turkestane (konets XIX - nachalo XX veka) [Russian population in Turkestan (late XIX - early XX century)]. – Moscow: IEaA RAS. 1991. – 144 p. [in Russian]

Hins G. Voprosy kolonizatsii Aziatskoy Possii i «vystavka po pereselencheskomu delu» [Issues of the Colonization of the Asiatic Russia and the "exhibition on the relocation case"]. // Questions of the Colonization. – 1912. – №.11. – P. 4-15. [in Russian]

Dulatova D.I. Istoriografiya dorevolutsionnogo Kazakhstana (1861-1917 gg.) [Historiography of prerevolutionary Kazaxstan (1861-1917)]. – Alma-Ata: Science, 1984. – 272 p. [in Russian]

Istoriya Kazakhstana v pusskih istochnikah XVI-XX vekov. Tom 6: Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdках po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries: Volume 6: Travel diaries and service notes oo trips to the southern steppes. XVIII-XIX centuries]. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – 504 p. [in Russian]

Nazarbaev N. Tarix tolkynynda [In the flow of history]. – Almaty: Atamura, 2003. – 288 p. [in Kazakh]

Obzor Semireshenskoi oblasti za 1913 g. – Vernyi, 1914. – s. 5

QR OMA7, 44-q., 1-t., 4805-is, Qosymsha.

QR OMA7, 44-q., 1-t., 48419-is, 3- p.

Pervaya Vseobshchaya perepis' naseleniya Rossiyskoy impepii 1897 g. Obshchiy svod po imperii pezul'tatov pazpabotki dannyh pervoy Vseobshchey perepisi naseleniya, proizvedennoy 1897 g. [The first general registration of the population of the Russian Empire in 1897, the general collection of the empire, the results of the development of the data of the first General registration of the population, published in 1897]. Vol. 1-2. St. Petersburg: Publication of the Central Statistical Committee of the Ministry of Internal Affairs. [in Russian]

Proshloe Kazakhstana v istochnikah i matepialah / pod ped. S.D.Asfendiyapova i P.A.Kunte [The past of Kazakhstan in the sources and materials / ed. S.D. Asphendiyapov and P.A. Kunt. - 2nd ed.]. – Almaty: Kazakstan. 1997. – 380 p. [in Russian]

Smirnov E.T. Syrdar'inskaya oblast' [Syrdarya region]. – St. Petersburg, 1887. – 212 p. [in Russian]

Turchaninov N., Domrachev A. Itogi pereselencheskogo dvizheniya za vremya s 1910 po 1914 gg. [Results of the relocation movement from 1910 to 1914]. – Petrograd: Resettlement Administration Edition, 1916. – 81 p. [in Russian]

Yashnov E.E. Kolonizatsiya Turkestana za poslednee vremya [The Colonization of Turkestan in the last time] // Questions of the Colonization. – 1915. – №. 18. – P. 145-150. [in Russian]

МРНТИ 03.20.00

ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА И ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЫ НАСЕЛЕНИЯ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В 60–70-Е ГОДЫ XIX ВЕКА

Л.С. Динашева*, Г.Ж. Примкулова, М.О. Аксой

Международный Казахско-Турецкий университет имени Х.А. Ясави, Казахстан,
Туркестан.

*Корреспондирующий автор

E-mail: Lazat.Dinasheva@ayu.edu.kz (Динашева), gaukar.primkulova@ayu.edu.kz
(Примкулова), m_oguzhan_aksoy@hotmail.com (Аксой)

Аннотация. В статье исследуются факторы, повлиявшие на переселение народов на территорию Южно-Казахстанской области в конце XIX века и формирование полиэтнического состава населения. Также определяется суть миграционной политики царского правительства в тот период и ее влияние на этнический состав населения, методы управления миграционным процессом. Кроме того, изучается новое направление в миграционной политике царского правительства и его законодательная база. Южно-Казахстанский регион издавна считается регионом, где земледелие осуществляется путем орошения. Вместе с этим на социальные отношения повлияли и условия исторического развития городского образа жизни. Установление административной власти Российской империи не могло не внести глубокого изменения в соотношение разделения труда. В данной статье также рассматривается формирование полиэтнической и многоконфессиональной структуры на юге Казахстана в результате проведения царской властью колониальной политики в Туркестанском крае путем переселения сначала русско-казацких, а затем и славянских крестьян.

Ключевые слова: царское правительство, миграционная политика, демография, социальный статус, состав населения, полиэтническое государство.

IRSTI 03.20.00

THE RESETTLEMENT POLICY OF THE TSARIST GOVERNMENT AND THE FORMATION OF A MULTI-ETHNIC POPULATION STRUCTURE IN SOUTH KAZAKHSTAN IN 1860–1870S

L. Dinasheva¹*, G. Primkulova¹, M.O. Aksoi¹

¹Kazakh-Turkish University H.A. Yasawi, Kazakhstan, Turkestan

*Corresponding author

E-mail: Lazat.Dinasheva@ayu.edu.kz (Dinasheva), gaukar.primkulova@ayu.edu.kz (Primkulova),
m_oguzhan_aksoy@hotmail.com (Aksoi)

Abstract. The article examines the factors that influenced the migration of peoples to the territory of the South Kazakhstan region at the end of the 19th century and the formation of the multiethnic composition of the population. It also determines the essence of the tsarist government's migration policy at that time and its impact on the ethnic composition of the population, methods of managing the migration process. In addition, a new direction in the migration policy of the tsarist government and its legislative base will be studied. The South Kazakhstan region has long been considered a region where agriculture is carried out by irrigation. Along with this fact, the social relations there were influenced by

the conditions of the historical development of the urban lifestyle. The establishment of the administrative power of the Russian Empire could not but make a profound change in the ratio of the division of labor here. This article also examines the formation of a multi-ethnic and multi-confessional structure in the south of Kazakhstan as a result of the tsarist government's colonial policy in the Turkestan region by resettling first Russian-Cossack, and then Slavic peasants.

Key words: tsarist government, migration policy, demography, social status, population composition, multi-ethnic state.

Авторлар туралы мәлімет:

^{1*}Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

²Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

¹Докторант

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

І.Ғ. Ғалымова Арабтілді деректердегі Орталық Азияның этникалық тарихы.....	5
Т.Н. Мухажанова, Г.Е. Сабденова, Д.С. Байгунаков Мажар этномәдениетіндегі түркілік контекст.....	19
А.Р. Хазбулатов, А.И. Ибрагимов Практика сохранения традиционных ремесел в странах Азиатско-Тихоокеанского региона.....	33
Д.Б. Касымова, М.Ч. Калыбекова Казахи в Туркменистане в начале 1930-х гг.: эпизоды противостояния советской власти.....	45
Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің зерттелу тарихы.....	58
О.Х. Мұхатова Қазақстанда ХІХ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі білім берудің революцияға дейінгі тарихнамасы.....	77
А.Қ. Ахмет, Ғ.А. Шотанова Неплюев училищесінің қазақ түлектері.....	92
Л.С. Динашева, Г.Ж. Примкулова, М.О. Аксой ХІХ ғ. 60-70 жж. патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстанда жүргізген қоныс аудару саясаты және көпэтносты құрылымның қалыптасуы.....	105
О.Б. Қуанбай, Н.Н. Құрманалина Қазақ-жоңғар күресі кезеңіндегі тұлғалардың зерттелу мәселелерінен (қазіргі қазақстандық еңбектерде).....	119
С.А. Асанова, А.Т. Капаева Некоторые аспекты истории казахской культуры второй половины XX века.....	129
Р.Х. Муртазаева Подготовка женщин-лидеров – неотъемлемый элемент достижения целей развития Узбекистана.....	143
А.Ш. Махаева, О. Чаргынова Түркі халықтарының өзара байланыстарын зерттеудің кейбір мәселелері (ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басы).....	151
З.К. Сураганова, К.К. Сарсембина Ұлы даланың есте қалдыру мәдениеті шеңберіндегі қымызға қатысты мерекелер, рәсімдер мен ғұрыптардың символдық қоры.....	163
Қ.Қ. Жылқышыбаева, А.Т. Жағыпар Қазақ қоғамындағы әйелдердің әлеуметтік және саяси рөлі.....	177

О. Кuanbay Features of functioning of the institution of kazakh batyrs (XVIII – XIX c.).....	192
Д.М. Иноятова Меннониты в Туркестане: процессы диаспоризации.....	205
Soner Saglam, Yashar Sozen Consideration of the concept of criticism as a social theme in Jambyl Jabayev's poems.....	218
Ә.Ә. Тәжекеев, Ы.С. Құрманиязов, Е. Каналхан ЖЕТІАСАР ЕСКЕРТКІШТЕРІ ӨЛКЕТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНДА (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	230

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Шевченко көш., 28,

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.